

Нұрбанк: қаржылық жылдың қорытындысы

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМА

Алматы, «20» наурыз 2015 жыл

Нұрбанк ХҚЕС-ке сәйкес жасалған шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделген 2014 жылғы қызметінің нәтижелерін жариялады.

2014 жылғы қызметтің негізгі қорытындылары:

- несие қоржынының көлемі (провизияны есепке алмағанда) 233,9 млрд. теңгені құрады.
- Банк активтері 369,5 млрд. теңге, 46,2%-ға өскен.
- депозиттік қоржын 24 %-ға өсіп, 189,2 млрд. теңгеге жетті;
- Банктің комиссия кірістері 13%-ға өсті, негізінен касса мен аударма операциялары бойынша;
- банктің таза пайыздық кірісі өсіп, 84%-дық қор құрылды.
- Банктің таза кірісі 2,6 млрд. теңгеге жетті.

Ағымдағы 2015 жылы Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі Нұрбанктің ұзақмерзімді және қысқамерзімді кредиттік рейтингін «В/В» деңгейінде екенін растады, ұлттық шәкілдегі рейтингі «kzBB+» дәрежесінде деп белгіленді. Сараптамашылардың пікірінше, Нұрбанктің мұндай рейтингін банктің тиімді жұмыс істеуімен, құрылыс пен жылжымайтын мүлік секторындағы компанияларды кредиттеуден келетін тәуекелдердің төмендеуімен, соған орай банк тәуекелдері профилінің жақсарумен байланыстыруға болады.

«Біз 2015-2016 жылдары Нұрбанктің капиталандыру көрсеткіштері «баламалы» болып қала береді деп күтеміз. Болжамның «тұрақты» болуы Нұрбанктің бизнес көлемін өсіріп отырғанының және проблемалы кредиттер мөлшерін біртіндеп азайтып отырғанын, сондай-ақ капиталдандыру көрсеткіштерін «баламалы» дәрежесінде қолдағанын және өтімділік көрсеткіштерінің де «баламалы» болғанын көрсетеді» - деп атады Standard & Poor's сарапшылары.

Мемлекетті қаржы бақылау мәліметтеріне қарағанда, 2014 жылдың қорытындысы бойынша біз активтері көлем жағынан қазақстандағы 38 банктің арасынан 14-орын алып отырмыз.

31.12.2014 жылғы күй-жай бойынша Банктің 16 филиалы 75 бөлімі жұмыс істейді. Банкоматтар саны 347, POS-терминалдар 1250 данаға жеткен.

Банк Қазақстан Республикасының негізгі өңірлерінің барлығында қызмет көрсетеді. Сонымен қатар өңірлердегі ірі орталықтардың барлығында филиалдардың дамыған жүйесі мен банкоматтар жүйесі қалыптасқан, пластик карталар эмиссиясының дәрежесі жоғары, сыртқы қарыздары жоқ, Банктің капиталандыру дәрежесі жоғары (01.02.2015 жылы жеке капиталының көлемі жағынан 15-орын алды). Келешекте Банк бизнесті бұдан былай дамытудың стратегиялық міндеттерін жүзеге асырады, атап айтқанда:

- жеке тұлғаларды кредиттеу көлемін арттыруды;
- бөлшек сауда, шағын және орта бизнеске көрсетілетін қызмет үлесін өсіруді;
- несие қоржыны мен депозиттік базаның сапасын жақсартуды;
- клиенттерге қызмет көрсету сапасы мен жеделдігін арттыруды.

Капиталдың баламалығы

Тәуекелдерді есепке ала отырып, ҚР Ұлттық Банкінің әдісімен 01.01.2014 жылғы күй-жайда есептелген Банк капиталының жетімділік коэффициенті (RAC) бұл күндері шамамен

14,2%. Осыған орай, Банк капиталының бүгінгі деңгейі активтерді екі есеге дейін арттыруға мүмкіндік береді де, бұл РАС көрсеткішінің 10%-ға дейін төмендеуіне жол бермейді, тіптен жақын жылдарда Банк агрессивті өскен күннің өзінде.

Бизнес сегменттері бойынша нәтижелер

Банк 2013 жылы әмбебап коммерциялық банктің бөлінбейтін белгісі ретінде бизнестің бөлшек сауда бағытын дамытуға шешім қабылдады.

«Біз бөлшек сауда, шағын және орта бизнеске қызмет көрсету үлесін арттырмақпыз. 2014 жылдың аяғында кредиттік қоржынның құрылым мынандай болды: корпоративтік бизнес (КБ) -57%, ШОБ -24%, бөлшек сауда бизнесі (БСБ) -19%. 2016 жылы ШОБ пен БСБ үлесін арттыра отырып, несие қоржынындағы КБ үлесін 48%-ға дейін төмендетуді жоспарлап отырмыз» - деді «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасы Қаңтар Орынбаев.

Корпоративтік сектор мен ШОБ

31.12.2014 жылғы күй-жай бойынша Корпоративтік және ШОБ секторлары бойынша несие қоржыны 188,7 млрд. теңгені құрайды. 31.12.2013 жылмен салыстырғанда өсім 5,5% жеткен. Клиенттер несиелерінің жалпы көлеміндегі корпоративтік және ШОБ секторлары қоржынының үлесі 80,7% құрады.

31.12.2013 жылғы 77 млрд. теңгемен салыстырғанда, 31.12.2014 жылғы күй-жай бойынша корпоративтік сектор клиенттері қаражатының көлемі 83 млрд. теңгеге жеткен.

ШОБ-тың депозиттік қоржыны 30 908 мың теңгені құрайды, 2014 жылғы өсім 12 109 мың теңге немесе 64,4%.

Осы күні Банк «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның төмендегідей кредиттеу бағдарламаларымен жұмыс істейді:

- Тұрақтандыру бағдарламалары – 2-, 3- транштер;
- Даму өңірлер,
- Даму өңірлер 2,
- Даму өңірлер 3,
- Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға арналған «Даму-Өндіріс II» бағдарламасы;
- Өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету салаларындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы.

Сонымен қатар, Банк «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын белсенді түрде жүзеге асырады, 2012-2020 жылдарға арналған моноқалаларды дамыту бағдарламасына, өз ісін Жаңаөзен қаласында жүзеге асырып отырған жеке кәсіпкерлік субъектілері кредиттерінің мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасына, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге жүзеге асырып отырған ауыл шаруашылығын қолдауға берілген кредиттердің сыйақы мөлшерлемелерін өтеу бағдарламасына қатысады.

«Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландыруға қол жеткізу арқасында жобалардың әлеуметтік тиімділігі артты, біздің мемлекетпен біріге отырып қолдау көрсеткен компаниялар өз бизнестерін дамыта алды, қосымша жұмыс орындарын ашты, жеке кірісін өсіріп, еңбекақыны көбейтті, мемлекет бюджетіне түсетін кірісті көбейтті ж.т.б. өсірді – деді «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасы Қаңтар Орынбаев, - «Біз мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жалпы сомасы 12 млрд. теңгені құрайтын 113

жобаны қаржыландырдық. Осы бағдарламалар арқасында шамамен есептегенде 800 жаңа жұмыс орны ашылды. Біз мұндай бағдарламалар ШОБ дамуына кәдімгідей жол ашады, ал мемлекет осы бағдарламаларға қолдау көрсету арқылы өз салымдарының жетістігін көрсетіп отыр деп айта аламыз», - деп қорытты.

Бөлшек сауда секторы

31.12.2014 жылғы күй-жайдағы бөлшек сауда секторының несиелік қоржынының көлемі 45,2 млрд. теңгені құрайды, бұл сектордағы басымдылық тауарлық және кепілсіз кредиттеу жағына берілген. Клиенттер несиелерінің жалпы көлеміндегі бөлшек сауда секторының үлесін 19,3% құрайды. Бөлшек сауда секторының жалпы несиелеріндегі ипотекалық қарыздар үлесі 45,18%.

31.12.2014 жылғы бөлшек сауда клиенттерінің жалпы қаражаты 70,5 млрд. теңге. 31.12.2013 жылмен салыстырғандағы өсім 27,5% немесе 15,2 млрд. теңге.

«Нұрбанк» АҚ Баспасөз қызметі

Байланыс тел: 2 599 710 *5465

www.nurbank.kz